

**«6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Бейсегулова Айнура Кыдыргалиевнаның «Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан қазақтарын салыстырмалы
талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	А.Қ. Бейсегулованың «Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан қазақтарын салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасында (2017 ж. 12 сәуір) белгіленген ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртуға, ұлттық сәйкестікті, бірегейлікті сақтауға, азаматтардың мәдени білімін және сана-сезімінің жоғары екендігін дәріптеуге бағытталған мақсат-міндетке; Қазақстан Республикасының Президенті «Сындарлы қоғамдық диалог Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж. 2 қыркүйек) атты Қазақстан халқына Жолдауындағы мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымның даму бағытына толықтай сәйкес келеді. А.Қ. Бейсегулованың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: - Білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бойынша «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер).
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация жұмысы Қазақстанның этнология ғылымындағы тың тақырып, зерттеуде қол жеткізген ғылыми-практикалық маңызы және нәтижелері ғылымға елеулі үлесін қосады. Түркия және Өзбекстан қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін салыстырмалы түрде зерттеу бұрын соңды зерттелмеген тақырыптарға жатады. Диссертант қазақ диаспорасы, этникалық бірегейлік мәселелері

			<p>жөніндегі шетелдік және отандық ғалымдардың теориялық методологиялық ұстанымдарын негізге ала отырып, өзіндік ғылыми тұжырымдарға қол жеткізген.</p> <p>Мемлекеттік басқару жүйесі екі бөлек Өзбекстан мен Түркия қазақтарының этникалық бірегейлік мәселелерінің сақталуы мен өзгерісі, ерекшелігі, оған ықпал еткен факторлар зерделеніп, қазақ диаспорасының даму тарихы мен тарихнамасы ғылыми тұрғыда сараланып, автордың өзі жинаған нақты дәйектермен қорытындыланады.</p> <p>Автор ғылыми айналымға отандық немесе шетелдік әдебиеттерде жеткіліксіз қамтылған ауқымды эмпирикалық материалдарды, зерттеушінің 2017-2022 жылдары Түркия мен Өзбекстан қазақтары арасында жүргізген далалық этнографиялық деректердің нәтижелері енгізілген. Ғылыми жұмыстың негізгі қорытындылары тың, бұрын соңды жарияланбаған деп есептеуге болады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>А. Бейсегулованың диссертацияны өзі жазу деңгейі жоғары. Жұмыс этнологияда қарастырылып отырған тың бағыт болғандықтан, диссертант Отандық, шетелдік зерттеушілердің этникалық бірегейлікке қатысты ғылыми еңбектерін, ондағы түрлі көзқарастар мен пікірлерді талдау, алынған тұжырымдарды салыстыру арқылы өзіндік көзқарасын білдіріп, тұжырымдамалар жасай білген.</p> <p>Дегенмен де этнология саласы бойынша этникалық бірегейлік жөніндегі теориялық тұжырымдамасы нақты көрсетілмеген. Ал, екі елдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлікті сақтау мен өзгерісіндегі негізгі аспектілерді айқындап, сараптама жасап, өз ой қорытындысын бере білген. Сондықтан да теориялар мен тұжырымдарды зерделеуде және зерттеудің тақырыптық-мазмұнын жүйелі баяндауда өзі жазу принципі сақталынған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыс өзектілігі жан-жақты негізделген. Түркия және Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлік мәселесін зерттеу социумдағы болып жатқан трансформациялық ерекшеліктермен және саяси-әлеуметтік, мәдени өмірдегі өзгерістермен байланысты болып табылады. Қоғамдағы урбанистік үрдістер, дәстүрлі құндылықтардың жойылуы, миграциялық үдерістердің жиілеуі этникалық бірегейліктің сақталуын қиындататыны сөзсіз. Этнология ғылымында шет жерлердегі қандастарымыздың тұтастығы, этникалық бірегейлігін сақтау тетіктері мен трансформацияға ұшырау факторларын зерттеу маңызды.</p>

		<p>Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін зерттеу барысында назар аударатын ерекше мәселе – алыс және жақын шет елдерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың өзіндік ұлттық болмысының, санасының, мәдениеті мен ұлттық рухының әр түрлі деңгейдегі көрінісі. Ондаған, жүздеген жылдар бойы басқа этникалық ортада өмір сүрген қандай этнос бөлшегі болмасын, сол ортадан алатын қабылдайтын рухани, мәдени әлемі болады. Оны әрине халықтың этникалық тарихи қалыптасуында, дамуында және келесі ұрпаққа сабақтастықпен жалғасуынан байқаймыз. Сондықтан да әлемнің басқа мемлекеттеріне тарихи себептермен қоныс аударған қандастарымыздың этникалық бірегейлігінің сақталу не өзгеріске ұшырауын ғылыми түрде кешенді зерттеулердің маңызы жоғары.</p> <p>Тарихи дамуды бірге басынан өткізіп, бір кеңістікте жаз жайлауы, қыс қыстауы болып, Кеңестік жүйеде бірнеше жылдар бойы бірге өмір сүрген Өзбекстандағы қазақтармен, дамуы, мемлекеттік басқару жүйесі зайырлы, демократиялық ортада өмір сүрген Түркиядағы қазақтардың этникалық бірегейлігіндегі ортақтық пен ерекшелікті айқындау өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген деуге болады.</p>	
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Ғылыми жұмыстың құрылымы зерттеудің мазмұнын ашады, тақырыптың маңызы ашылған, практикалық тұрғыдан өзекті мәселелерге арналған. Диссертациялық зерттеудің мазмұндық баяндалу желісі жүйелі, зерттеу нысаны ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді және орындалу сапасы жоғары деңгейде. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырымдар мен түйіндер, қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен анықталып, диссертация тақырыбын айқындайды.</p> <p>– Ғылыми жұмыста бүгінгі таңдағы ұлттық біртұтастықтығымыздың айқын көрсеткішінің бірі "Этникалық бірегейлік" мәселесі өзекті орын алады. Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігі көрсеткіштері: ана тілді білуі, салт-дәстүрлерді ұстануы, институционалды бірлестіктеріндегі мүшелігінің сақталу деңгейі, диаспора ретінде қалыптасуы мен қоныстануындағы әлеуметтік-мәдени факторлардың этникалық бірегейлік мәселелеріндегі орны, екі ел қазақтарының шаруашылықтағы бейіндігі мен материалдық мәдениетіндегі этникалық бірегейлік көрсеткіштерін салыстырмалы талдау, ұлттық құндылықтарды, тарихи жады мен мәдени мұраларды қастерлеу деңгейі зерттеушілердің көзқарастарын зерделеу және диссертанттың</p>

		өзі жинаған деректері негізденегізгі тұжырымдарға дербес келумендәйектелген. Ғылыми жұмыстың мазмұны тақырыбына сәйкес айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты саяси тарихи дамуы екі түрлі жүйеде өмір сүріп отырған Түркия мен Өзбекстандағы казактардың этникалық бірегейлігінің сақталуы мен өзгерісіндегі саяси, әлеуметтік-мәдени факторларды айқындау, бірегейлікті айқындайтын дәстүрлі мәдениеттің ұрпақтар арасындағы сабақтастығы мен трансформациялану мәселелерін салыстырмалы талдау арқылы көрсету болғандықтан, қойылған мақсат диссертация тақырыбын ашуға бағытталған. Мақсатқа жету жолындағы белгіленген міндеттер диссертацияның мазмұнын ашады, тақырыпқа сәйкес келеді. Диссертацияның ұсынылған тұжырымдары мен алынған нәтижелері негізделген болжамды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы зерттеудің мазмұнын ашуға бағытталған, толығымен байланысқан және ішкі құрылысы бірізді, қол жеткізген ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыда байланысқан. Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны толық ашылған және зерттеуде қойылған мақсат-міндет орындалған. Дегенмен де, 1.3. тараушадағы қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі жөніндегі зерттеулерге кеңінен талдау жүргізілгенде жөн болар еді. Көрсетілген авторлар арасында салыстырмалы талдау жүргізілген зерттеушілер жөнінде, олардың нақты этникалық бірегейлікке қатысты анықтаушы көрсеткіштері мен тұжырымдары берілгенде зерттеудің мазмұны кеңінен талданар еді. Жалпы, ізденуші зерттеу тақырыбын ашу барысында қазіргі заманғы тарихи салыстырмалы, нақты талдау, ретроспективті, жүйелі талдау әдістері мен этнографиялық, этносоциологиялық бағыттағы әдістерді тиімді қолдана отырып жан-жақты ғылыми талдау жасаған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ;	Диссертацияның әрбір бөлімінің мазмұнын жүйелі баяндауда сыни талдау жүргізілген. Автор ұсынған қағидаттар, әдістер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып қорытынды жасалынған. Диссертациялық жұмыста «қазақ

		2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	диаспорасы», «этникалық бірегейлік» ұғымдарының теориялық аспектілері, мәселенің шетелдік, отандық этнология ғылымында зерттелуі талданған, этнологияда этникалық бірегейлік көрсеткіштері саяси, әлеуметтік және мәдени фактілермен де байланыстылығы автордың өзі бақылаған, этносоциологиялық сұрақнама алу, далалық этнографиялық зерттеу әдістері негізінде дәлелденген. Этникалық бірегейлікті анықтаудың негізгі көрсеткіштері бойынша негізгі ой-тұжырымдар негізінде қорытындылар жасалынған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары негізінен жаңа болып табылады. - Отандық этнология ғылымында алғаш рет «этникалық бірегейлік» концепциясы, оның ішінде диаспора қауымының бірегейлігін зерттеуге қатысты қалыптасқан шетелдік және отандық зерттеушілердің теориялық-методологиялық ұстанымдары мен тұжырымдарының бағыттары жүйеге түсіріліп, нәтижелері талданған. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады. - Түркия және Өзбекстан қазақ диаспорасындағы этникалық бірегейлікті тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдау нәтижесінде этникалық бірегейліктің ішкі және сыртқы өлшемдері айқындалып, жаңа көзқараста алғаш рет түйінделген. Толығымен жаңа болып табылады. - Зерттеу нәтижесінде Түркия және Өзбекстан қазақтарының тығыз орналасқан аймақтарынан алынған далалық-этнографиялық деректері жүйелі түрде салыстырылып, Өзбекстандағы қазақтарда этникалық бірегейлік деңгейі жоғары екендігі айқындалып, ғылыми айналымға енгізілді. Бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып табылады - мемлекеттік құрылымы екі түрлі жүйедегі Түркия және Өзбекстан қазақ диаспорасының қалыптасуы мен қоныстануындағы этникалық бірегейліктің сақталуы не трансформациялануындағы әлеуметтік-мәдени факторлары айқындалып, нақтыланды. Бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып табылады - Түркия және Өзбекстан қазақтарының дәстүрлі шаруашылық түрлерін, материалдық мәдениетін салыстырмалы талдау нәтижесінде, этникалық бірегейлік көрсеткіштері қай елдегі қазақтарда айқын екендігі далалық этнографиялық деректер мен

		<p>этносоциологиялық зерттеулер нәтижесінде нақтыланды. Бұл зерттеудің толық ғылыми жаңалығы болып табылады.</p> <p>- аталған елдердегі қазақтардың неке және отбасылық қатынастарындағы бірегейлік бақылау, социологиялық сұрақнама жүргізу, т.б. әдістер негізінде зерттеліп, Түркия қазақтарымен салыстырғанда Өзбекстандағы қазақтардың неке және отбасындағы дәстүрлі мәдениеттің сақталу деңгейі мен ерекшелігі айқындалды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>- Түркия және Өзбекстан қазақтарының тарихи жады мен мәдени мұраларды қастерлеу қасиеті салыстырылып, ұрпақаралық сабақтастығы сараланды, нәтижеде екі елдегі қазақтардың бұл мәселедегі этникалық бірегейлігі қатар болғанмен Түркия қазақтары жастары арасында ұмыт бола бастағандығы нақты деректермен көрсетіледі. Бұл зерттеудің толық ғылыми жаңалығы болып табылады.</p> <p>- зерттеу барысында екі ел қазақтарының тіл мен діннің қолданысы салыстырылып, этникалық бірегейліктің сақталуы мен трансформациялануына ықпал еткен факторлар айқындалды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>- Түркия және Өзбекстан қазақтарының ұлттық болмысын сақтап қалу мақсатында құрған қоғамдық ұйымдары мен институционалдық бірлестіктердің қазіргі кезеңдегі этникалық бірегейлікті сақтаудағы қызметі талданып, рөлі мен орны анықталды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>Дегенмен де, автор мақсат міндетіне сай, жаңалықтарын нақты көрсеткенімен, қағидатын жаңалыққа сәйкес біріздендірмей, топтап, өз тұжырымымен берген. Біздіңше осы жерде қағидаттарды ашып, нақты берілу керек еді. Жалпы, қағидаттағы тұжырым жаңа.</p>	<p>этносоциологиялық зерттеулер нәтижесінде нақтыланды. Бұл зерттеудің толық ғылыми жаңалығы болып табылады.</p> <p>- аталған елдердегі қазақтардың неке және отбасылық қатынастарындағы бірегейлік бақылау, социологиялық сұрақнама жүргізу, т.б. әдістер негізінде зерттеліп, Түркия қазақтарымен салыстырғанда Өзбекстандағы қазақтардың неке және отбасындағы дәстүрлі мәдениеттің сақталу деңгейі мен ерекшелігі айқындалды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>- Түркия және Өзбекстан қазақтарының тарихи жады мен мәдени мұраларды қастерлеу қасиеті салыстырылып, ұрпақаралық сабақтастығы сараланды, нәтижеде екі елдегі қазақтардың бұл мәселедегі этникалық бірегейлігі қатар болғанмен Түркия қазақтары жастары арасында ұмыт бола бастағандығы нақты деректермен көрсетіледі. Бұл зерттеудің толық ғылыми жаңалығы болып табылады.</p> <p>- зерттеу барысында екі ел қазақтарының тіл мен діннің қолданысы салыстырылып, этникалық бірегейліктің сақталуы мен трансформациялануына ықпал еткен факторлар айқындалды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>- Түркия және Өзбекстан қазақтарының ұлттық болмысын сақтап қалу мақсатында құрған қоғамдық ұйымдары мен институционалдық бірлестіктердің қазіргі кезеңдегі этникалық бірегейлікті сақтаудағы қызметі талданып, рөлі мен орны анықталды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>Дегенмен де, автор мақсат міндетіне сай, жаңалықтарын нақты көрсеткенімен, қағидатын жаңалыққа сәйкес біріздендірмей, топтап, өз тұжырымымен берген. Біздіңше осы жерде қағидаттарды ашып, нақты берілу керек еді. Жалпы, қағидаттағы тұжырым жаңа.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертация жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеудің мазмұнына сәйкес, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің айқын дәлелділігімен сипатталады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>		<p>Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты, онда техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері қарастырылмаған. Сол себепті, диссертацияға аталмыш бағаланым критерийін қолдану қиынсыз. Дегенмен де зерттеу</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	жұмысының қорытынды бөлімінде келтірілген ұсыныстарды болашақта тарихи және этнологиялық зерттеу жұмыстарын дайындау барысында, Қазақстан халықтарының тұтастығын қамтамасыз ету, тарихи сананы қалыптастыру, т.б. салада әдістемелік ұсынымдар дайындауда пайдалануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу бойынша жасалынған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Қазақ диаспорасы және этникалық бірегейлік жөніндегі Отандық және шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары негізінде қазіргі кезеңде бірегейлік ұғымы этнологияда өзін-өзі тану немесе өзіндік стратегиясын анықтауда, ұлттық болмыс пен біртұтастықты сақтауда маңызды, этникалық бірегейлікті айқындауда «этникалық шекара» тұжырымына сүйенетіндігін зерттеудің мазмұнын ашуда нақты деректермен бере білген.</p> <p>Түркия және Өзбекстан қазақтарының этникалық және этномәдени дамуындағы бірегейлік мәселелері кәсіби бағыты мен материалдық және рухани мәдениетінде айқын көрініс табатындығын автордың өзі жинаған этносоциологиялық, далалық этнографиялық деректермен салыстырыла отырып зерделенген.</p> <p>Бірақ, қорытындыда екі елдегі қазақтардың шаруашылықтағы бірегейлік көрсеткіштеріне, ондағы ерекшеліктер, кәсіптегі өзгеріске қандай факторлар әсер етті, міне осы жағынан нақты тұжырым жасалмаған.</p> <p>Бірінші қағидатында Өзбекстан және Түркия қазақтары өмір сүріп отырған мемлекеттердегі саяси басқару жүйесі мен экономикалық даму жағдайы этникалық бірегейлікке ықпал ететіндігі, олардың қоныстануы мен орналасуындағы дәстүрлік бірегейліктің сақталуына, ал дәстүрлі мәдениеттің өзгеріске ұшырауы халықтың бірегейлігін селдіретіндігін жаңа теориялық-методологиялық ұстанымдар мен тұжырымдар негізінде дәлелденген.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең; 7.5 ия</p> <p>Екінші қағидатында автордың өзі жүргізген этносоциологиялық зерттеулер мен өзі жинаған далалық этнографиялық материалдар негізінде жастар арасындағы қазақ тілін меңгеру деңгейінің Түркияда 40-тан төмен жастағы азаматтар</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;</p>	<p>Бірінші қағидатында Өзбекстан және Түркия қазақтары өмір сүріп отырған мемлекеттердегі саяси басқару жүйесі мен экономикалық даму жағдайы этникалық бірегейлікке ықпал ететіндігі, олардың қоныстануы мен орналасуындағы дәстүрлік бірегейліктің сақталуына, ал дәстүрлі мәдениеттің өзгеріске ұшырауы халықтың бірегейлігін селдіретіндігін жаңа теориялық-методологиялық ұстанымдар мен тұжырымдар негізінде дәлелденген.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең; 7.5 ия</p> <p>Екінші қағидатында автордың өзі жүргізген этносоциологиялық зерттеулер мен өзі жинаған далалық этнографиялық материалдар негізінде жастар арасындағы қазақ тілін меңгеру деңгейінің Түркияда 40-тан төмен жастағы азаматтар</p>

		<p>3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>арасында төмендігі, Өзбекстанда қазақ тілін жас ерекшелікке қарамастан тұрақты меңгергендігі нақты дәлелденген. 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 орташа; 7.5 ия</p> <p>Үшінші. Екі елде де диаспора қауымының аға буын өкілдері этностың мұрасын жеткізуші, сақтаушы, жас ұрпаққа таратушы ретіндегі ролі айқындалып, этникалық бірегейлікті сақтауына қолайлы жағдайды қамтамасыз ететіндігі дәлелденді. 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең;</p> <p>Төртінші. Түркия және Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлігін анықтаушы көрсеткіш ретінде материалдық мәдениет элементтері: қонысы, баспана, үйдің ішкі интерьері, тағамы, тамақтану жүйесіндегі ерекшеліктер сарапталып, жаһандану үрдістерінің ықпалы зерделенді. Екі елдегі қандастарымыздың материалдық мәдениеті сақталғанымен жергілікті түрік және өзбек халықтары мәдениетінің де үлгілері қазақ арасына сіңгендігі далалық этнографиялық деректер негізінде дәлелденген. 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең; 7.5 ия</p> <p>Бесінші. Бақылау, сұрақ – жауап, этносоциологиялық анкета, халық арасынан жиналған деректер негізінде екі елдегі де қазақтар арасында тарихи жады, шежірені қастерлеуі, сақтауы (оның ішінде Қытайдан келген кездері сақталғандары да бар), жеті атаға толмай қыз алыспау, т.б. қатаң сақталғандығы, өзін-өзі әйгілеуде рулық жүйені қолдануы нақты мысалдармен дәлелденген. Қолданылған зерттеу материалдары сенімді, қорытындылар негізделген, ұсыныстар маңызға ие. 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия;</p>
--	--	--	--

		<p>7.4 кең; 7.5 ия</p> <p>Алтыншы. Зерттеу нысанындағы екі елдегі қандастарымыздың ана тілін білу деңгейі мен дінге деген ұстанымытаблица, диаграмма түріндесалыстырыла отырып дәлелденді. Көрсетілген мәліметтер Түркия казактары жастары арасында ана тілін білу деңгейінің төмендігін білдіреді. Ал, діни ұстанымы жағынан екі елдегі де қандастарымыздың этникалық бірегейліктің теңдей жағдайын көрсетеді.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең;</p> <p>Жетінші. Өзбекстанда да, Түркияда да казактар этнос ретінде өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға құлшынысы жоғары. Оны көбіне қоғамдық, мәдени ұйымдар арқылы насихаттауға, ол үшін казак тілінде газет, журналдар шығару, қазақша телебағдарламалар көру, т.б. қолдануға ұмтылысы айқындайды. Зерттеуде аталған мәселелерде нақты автордың өзі жинаған деректері мен этносоциологиялық зерттеулері және диаграмма, таблица, т.б. арқылы көрсетіліп дәлелденген.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең; 7.5 Мақалала дәлелденген бе? 1) ия;</p> <p>Зерттеужұмысының негізгі қорытындылары мен нәтижелері 14 ғылыми мақала негізіндежарық көрді. Оның ішінде ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылаусаласындағы комитеті ұсынған басылымдарда – 7 мақала; шет елдік халықаралықғылыми конференцияларда – 2; отандық республикалық жөнехалықаралықконференцияларда – 4; Scopus базасына индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналда – 1 мақала жарияланған.</p>
--	--	--

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми және тарихи әдістеме қолданылған. Зерттеуші диссертация жазу кезінде тарихи үрдістегі құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне басты назар аударған. Жалпы, зерттеу жұмысының ілімдік-әдіснамалық негізі диссертацияның кіріспе бөлімінде таратылып жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи әдістерді пайдалана отырып алынған. Ғылыми жұмыстағы көптеген зерттеулер бойынша ақпараттар берілген және этнографиялық деректерді талдау мен өңдеу, интерпретациялау, салыстыру сияқты әдістемелерді пайдалана отырып алынған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар мен ұсыныстар нақты материалдарға, автордың өзі ел арасынан байқау, далалық этнографиялық деректер алу, т.б. сараптамалық зерттеулермен және де зерттеу тақырыбына сай жазылған, еңбектермен дәлелденген және расталған. Диссертация мақсатына сай этникалық бірегейлікті айқындайтын көрсеткіштер бойынша жиналған деректермен дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Қолданылған әдебиеттердің тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған. Ғылыми зерттеу мәселелері бойынша пайдаланылған этнографиялық дерек көздері мен шетелдік және отандық ғалымдардың көптеген зерттеу еңбектеріне сілтемелер талапқа сай рәсімделіп, берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияны жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеуге талдау жасауға жеткілікті. Жұмыста шетелдік, отандық зерттеушілердің еңбектері, мерзімді және ғылыми басылымда жарияланған зерттеулер, автордың әртүрлі әдістермен өзі жинаған деректері ұсынылып 176 зерттеу, 47 информаторлар тізімі берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертациялық зерттеуде пайдаланылған шетелдік теориялық-методологиялық ұстанымдар, тұжырымдар мен принциптерді саралау, оны негізге алу келешекте

			<p>аталмыш тақырыптағы ғылыми зерттеу жұмыстарында қолдануға болады. Зерттеу нәтижелеріндегі тұжырымдамалар шет жерлердегі қандастарымыздың біртұтастығы, этникалық бірегейлігінің сақталуы мен өзгерісін зерделеуге, олардың даму үдерісі жөнінде тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Практикалық маңыздылығы шет жерлердегі қандастарымыздың ассимиляциялану тетіктерін зерттеуге, мемлекеттік ұйымдарға ұсынымдар әзірлеуге пайдалануға болады. Зерттеуді тарихи-этнографиялық бағытында оқылатын дәрістерге, арнаулы курстарға, этнология, тарих мамандықтарындағы таңдамалы мамандандыру модульдерге элективті пән ретінде енгізуге болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Жоғары оқу орындарында, тарих факультетінде студенттер мен магистранттарға оқытылатын «Қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениеті», «Қазақстан халықтарының этнографиясы», «Орта Азия халықтары», «Қазақстанның этносаясаты», т.б. мәселелерге арналған дәрістер мен арнайы курстарда, осы тақырып бойынша зерттеу жүргізетін зерттеушілерге пайдалануға болады.</p> <p>Зерттеу нәтижелері диаспоралармен өзара қарым қатынасты жүзеге асыратын мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметінде пайдаланылуы мүмкін, өйткені тұрғылықты мемлекеттің (осы диссертациялық зерттеу жағдайында Түркия мен Өзбекстан) диаспораға қатысты саясатымен, диаспораның тарихи Отанына қатысты саясатының маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде бағаланады, сондықтан бұл сыртқы саяси шешімдер қабылдауда әдістемелік құрал бола алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Диссертациядағы зерттеулер мен практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u>; 2) <u>орташа</u>; 3) <u>орташадан төмен</u>; 4) <u>төмен</u>.</p>	<p>Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын академиялық жазу талаптарына сай жоғары сапада рәсімделген деп айтуға болады. Зерттеу ауқымы үлкен болғанымен, талапқа сай жазылған. Дегенмен де, диссертация мазмұнын баяндауда сөйлем құрылымы стилінде кемшіліктер бар. Мәселен, «этносаралық саясатта жұмсақтықтарға», т.с.с. ғылыми емес ұғымдар кездеседі. Жалпы,</p>	



		зерттеу жұмысының мақсат-міндеті, жаңалықтары, қорытындылары жүйелі, бір ізді баяндалған.
--	--	---

Қорытынды: Ізденуші Бейсеғұлова Айнура Қыдыргалиевна Философия Докторы (PhD) немесе бейіні бойынша Доктор дәрежесін беруге лайықты.

Ресми рецензент:

Философия ғылымдарының докторы, профессор
Нархоз университетінің аккредитация
бөлімінің бастығы

Шаханова Нуриля Жаксыбековна